

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 мамырдағы № 667 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 22, 205-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы ережеде:

11 - тармақта:

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) ұлттық қауіпсіздікті:

қаржылық мониторингті жүзеге асыру және заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдау;

салық, кеден және бюджет заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету;

мемлекеттік мүлікті ұтымды пайдалану және сақтау;

қаржылық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызметті ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асыру кезінде қамтамасыз ету;»;

31-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«31-1) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарына қатысты актілерді, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, тексерулердің жарты жылдық жоспарын әзірлеу және бекіту;»;

мынадай мазмұндағы 37-1) тармақшамен толықтырылсын:

«37-1) квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қолма-қол ақшасын бақылау шоттарын ашу, жүргізу және жабу;»;

58) тармақша алынып тасталсын;

60) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«60) конкурстық іс жүргізу, сондай-ақ сырттай байқау рәсімі кезінде кредит берушілер комитетінің құрамын бекіту;»;

97), 98), 99) және 101) тармақшалар алынып тасталсын;

102) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«102) конкурстық басқарушының және сырттай байқау әкімшісінің қорытынды е с е п т е р і н к е л і с у ; » ;

103), 104) және 105) тармақшалар алынып тасталсын;

107) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«107) «Банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы Заңының бұзылғаны анықталған жағдайда, сырттай байқау әкімшісінің, конкурстық және оңалтушы басқарушының шешімдері мен іс-әрекеттерін (әрекетсіздігін) сотта даулау;»;

108), 109), 132) және 153) тармақшалар алынып тасталсын;

182-4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«182-4) Қазақстан Республикасының Үкіметіне бақылау іс-шараларының, оның ішінде орталық және жергілікті атқарушы органдардың ішкі бақылау қызметтері жүргізген бақылау іс-шараларының нәтижелері туралы есептер беру;»;

мынадай мазмұндағы 191-1), 191-2), 191-3) және 217-1) тармақшалармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«191-1) өз қызметінің бағыттары бойынша тиімділікті бақылауды жүзеге асыру;

191-2) квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бюджет қаражатын пайдалануының қаржы-экономикалық негіздемеге сәйкестігін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бақылауды жүзеге асыру;

191-3) Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетімен келісім бойынша мемлекеттік қаржылық бақылау объектілерінде анықталған Бұзушылықтар сыныптауышын әзірлеу және бекіту;»;

«217-1) квазимемлекеттік сектор субъектілері ұсынатын төлем тапсырмаларына т е к с е р у д і жү з е г е а с ы р у ; » ;

220) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«220) республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және республикалық бюджет қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің тоқсандық және жылдық бюджеттік есептіліктерін қабылдауды және тексеруді жүзеге асыру;»;

мынадай мазмұндағы 251-2) тармақшамен толықтырылсын:

«251-2) стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бюджеттік бағдарламаларының жобаларында ұсынылған нәтижелілік пен тиімділік көрсеткіштерін олардың республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің функцияларына, өкілеттіктеріне, қызметінің бағыттарына с ә й к е с т і г і т ұ р ғ ы с ы н а н қ а р а у ; » ;

259), 267) және 268) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«259) бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру мониторингін әдіснамалық к а м т а м а с ы з е т у д і жү з е г е а с ы р у ; » ;

«267) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыштың, мемлекеттің кепілгерліктері бойынша борыштың ахуалын және

алдағы жоспарлы кезеңге арналған болжамын жыл сайын бағалауды жүргізу;
268) бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру мониторингін жүргізу;»;
мынадай мазмұндағы 280) тармақшамен толықтырылсын:
«280) гендерлік саясатты іске асыруға қатысу.».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК